**"Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына екі рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 6 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2022 жылғы 3 қазандағы № 32 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қазанда № 30034 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына екі рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы басшысының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 6 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22227 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына екі рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы";

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нқ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 22) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) "Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына екі рет) жалпымемлекеттік статистикалық нысанын осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына екі рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулықты осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.";

1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Статистикалық процестерді дамыту департаменті Заң департаментімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Статистикалық процестерді дамыту департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының құрылымдық және аумақтық бөлімшелеріне жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы басшысының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасы*
*Стратегиялық жоспарлау және*
*реформалар агенттігінің*
*Ұлттық статистика*
*бюросының басшысы*

*Ж. Шаймарданов*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Бас прокуратурасы

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Қаржылық мониторинг агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының

Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл агенттігі
(Сыбайлас жемқорлыққа
қарсы қызмет)
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының жанындағы
Соттардың қызметін қамтамасыз
ету департаменті
(Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Аппараты)

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2022 жылғы 3 қазандағы
№ 32 бұйрығына
1 қосымша

Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді
Конфиденциальность гарантируется органами государственной статистики

Жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны
Статистическая форма общегосударственного статистического наблюдения

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросы басшысының
2021 жылғы 15 ақпандағы № 6
бұйрығына 1-қосымша

Приложение 1
к приказу Руководителя Бюро
национальной статистики
Агентства по стратегическому
планированию и реформам
Республики Казахстан
от 15 февраля 2021 года № 6

## Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі Уровень доверия населения к правоохранительным органам и судебной системе

Индексі

жылына
екі рет

есепті кезең

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Индекс | УДН | два раза в год | отчетный период | жыл год |

Сауал салуға 15-80 жастағы үй шаруашылығының мүшелері қатысады
В опросе принимают участие члены домашних хозяйств в возрасте 15-80 лет

Тапсыру мерзімі – 15 мамыр (қоса алғанда) және 15 қараша (қоса алғанда)
Срок представления – 15 мая (включительно) и 15 ноября (включительно)

1. Елді мекеннің атауы
Наименование населенного пункта ______________________________

2. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (бұдан әрі - ӘАОЖ) сәйкес елді мекеннің коды
Код населенного пункта согласно Классификаторуадминистративно-территориальных объектов (далее – КАТО)

3. Елді мекеннің типі (қала – 1, ауыл – 2)
Тип населенного пункта (1 – город, 2 – село)

4. Интервьюердің коды
Код интервьюера

5. Үй шаруашылығының реттік нөмірі
Порядковый номер домашних хозяйств

6. Сауалнама алу күні
Дата анкетирования число месяц год

күні число айы месяц жылы год

| | |
|---|---|
| 1. РЕСПОНДЕНТТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР | 1. СВЕДЕНИЯ О РЕСПОНДЕНТАХ |

| | | |
|---|---|---|
| 1. Жынысы | | 1. Пол |
| ер | 1 | мужчина |
| әйел | 2 | женщина |
| 2. Жасы | | 2. Возраст |

| | | |
|---|---|---|
| 3. Отбасылық жағдайы | | 3. Семейное положение |
| еш уақытта некеде тұрмаған | 1 | никогда не состоял (а) в браке |
| некеде тұрады | 2 | состоит в браке |
| тұл (ер), жесір (әйел ) | 3 | вдовец, вдова |
| ажырасқан | 4 | разведен (а) |
| 4. Білім деңгейі | | 4. Уровень образования |
| жоғары оқу орнынан кейінгі білім | 1 | послевузовское образование |
| жоғары білім | 2 | высшее образование |
| аяқталмаған жоғары білім | 3 | незаконченное высшее образование |
| техникалық және кәсіби білім | 4 | техническое и профессиональное образование |
| жалпы орта білім | 5 | общее среднее образование |
| негізгі орта білім | 6 | основное среднее образование |
| бастауыш білім | 7 | начальное образование |
| ешқандай білім деңгейіне қол жеткізбеген | 8 | не достигнут никакой уровень образования |
| 5. Жұмыспен қамтылу мәртебесі | | 5. Статус занятости |
| жалдамалы (ақы төленетін) қызметкер | 1 | наемный (оплачиваемый) работник |
| өз бетінше жұмыспен қамтылған қызметкер | 2 | самозанятый работник |
| жұмыссыз | 3 | безработный |
| студент | 4 | студент |
| зейнеткер | 5 | пенсионер |
| біреудің асырауындағы адам | 6 | иждивенец |
| өзге де | 7 | прочие |
| 2. ӨЗ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ СЕНІМДІЛІК ДӘРЕЖЕСІ | | 2. ВОСПРИЯТИЕ СОБСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ И СТЕПЕНЬ ДОВЕРИЯ |
| 6. Өзіңіз тұратын ауданның көшесінде жалғыз жүрсеңіз | | |

| | | |
|---|---|---|
| өзіңізді қаншалықты қауіпсіз сезінесіз? | | 6. Насколько Вы чувствуете себя в безопасности, когда одни идете по улице в районе своего проживания? |
| толық қауіпсіз → 7-сұрақ | 1 | в полной безопасности → вопрос 7 |
| жеткілікті деңгейде қауіпсіз → 7-сұрақ | 2 | достаточно безопасно → вопрос 7 |
| қауіпсіз емес | 3 | не безопасно |
| мүлде қауіпсіз емес | 4 | совсем не безопасно |
| жауап беруге қиналамын | 5 | затрудняюсь ответить |
| 6.1 Сіз өзіңізді неге қауіпсіз сезінбейсіз? | | 6.1 Почему Вы чувствуете себя небезопасно? |
| шабуылға ұшыраудан қорқу | 1 | страх подвергнуться нападению |
| жалғыз шығудан қорқу | 2 | страх выходить одному |
| денсаулық жағдайы | 3 | состояние здоровья |
| жарықтандырудың болмауы/ жеткіліксіздігі | 4 | отсутствие/недостаточное освещение |
| қауіпсіздіктің төмен деңгейі | 5 | низкий уровень безопасности |
| полицияның болмауы/сирек патрульдеуі | 6 | отсутствие/редкое патрулирование полиции |
| өзге | 7 | иное |
| 7. Сіз төменде көрсетілген органдардың қайсысының қызметін білесіз ( жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін) | | 7. Деятельность каких из перечисленных ниже органов Вы знаете ( возможно несколько вариантов ответа) |
| прокуратура | 1 | прокуратура |
| полиция | 2 | полиция |
| сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет | 3 | антикоррупционная служба |
| өртке қарсы қызмет | 4 | противопожарная служба |
| экономикалық тергеу қызметі ( экономикалық және қаржылық қылмыстар, " көлеңкелі" | 5 | |

| | | |
|---|---|---|
| экономика саласындағы қылмыстар) | | служба экономических расследований (экономические и финансовые преступления, преступления в сфере "теневой" экономики) |
| сот жүйесінің органдары | 6 | органы судебной системы |
| жауабы жоқ | 7 | нет ответа |
| 8. Сізге төменде көрсетілген мемлекеттік органдарға жүгінуге тура келді ме? ( жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін) | | 8. Приходилось ли Вам когда-нибудь обращаться в перечисленные ниже государственные органы? (возможно несколько вариантов ответа) |
| прокуратура | 1 | прокуратура |
| полиция | 2 | полиция |
| сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет | 3 | антикоррупционная служба |
| өртке қарсы қызмет | 4 | противопожарная служба |
| экономикалық тергеу қызметі ( экономикалық және қаржылық қылмыстар, " көлеңкелі" экономика саласындағы қылмыстар) | 5 | служба экономических расследований (экономические и финансовые преступления, преступления в сфере "теневой" экономики) |
| сот жүйесінің органдары | 6 | органы судебной системы |
| жүгінген жоқ | 7 | не обращался |
| 9. Егер Сіз қандай да бір қылмыстың куәгері болсаңыз, құқық қорғау органдарына жүгінер ме едіңіз? | | 9. В случае если бы Вы стали очевидцем какого-либо преступления, обратились бы Вы в правоохранительные органы? |
| иә → 10-сұрақ | 1 | да → вопрос 10 |
| жоқ | 2 | нет |
| 9.1 Сіз құқық қорғау органдарына жүгінуден неліктен бас тартар едіңіз? | | 9.1 Почему бы Вы не стали обращаться в правоохранительные органы? |
| құқық қорғау органдары жұмысының оң нәтижелі | 1 | |

| | | |
|---|---|---|
| болатынына сенбеймін | | не верю в положительный результат работы правоохранительных органов |
| жариялағым келмейді | 2 | не хотел (а) бы огласки |
| құқық қорғау органдарын сыбайлас жемқор деп ойлаймын | 3 | считаю, что правоохранительные органы коррумпированы |
| созбалауға байланысты көп уақыт алады | 4 | занимает много времени по причине волокиты |
| құқық қорғау органдары немен көмектесе алатынын білмеймін | 5 | не знаю чем могут помочь правоохранительные органы |
| 10. Төменде көрсетілген органдардың қайсысы Сізді және Сіздің мүдденізді қорғай алады деп санайсыз? ( жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін) | | 10. Как Вы считаете, какие из перечисленных ниже органов смогут защитить Вас и Ваши интересы? (возможно несколько вариантов ответа) |
| прокуратура | 1 | прокуратура |
| полиция | 2 | полиция |
| сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет | 3 | антикоррупционная служба |
| өртке қарсы қызмет | 4 | противопожарная служба |
| экономикалық тергеу қызметі ( экономикалық және қаржылық қылмыстар, " көлеңкелі" экономика саласындағы қылмыстар) | 5 | служба экономических расследований (экономические и финансовые преступления, преступления в сфере "теневой" экономики) |
| сот жүйесінің органдары | 6 | органы судебной системы |
| жауабы жоқ | 7 | нет ответа |
| 11. Сіз прокуратураға сенесіз бе? | | 11. Доверяете ли Вы прокуратуре? |
| сенемін → 12-сұрақ | 1 | доверяю → вопрос 12 |
| ішінара сенемін | | частично доверяю |

| | | |
|---|---|---|
| → 12-сұрақ | 2 | → вопрос 12 |
| керісінше сенбеймін | 3 | скорее не доверяю |
| сенбеймін | 4 | не доверяю |
| жауап беруге қиналамын (сұрамаңыз) → 12-сұрақ | 5 | затрудняюсь ответить (не зачитывать) → вопрос 12 |
| 11.1 Сіздің прокуратураға сенбеуіңіздің себебі? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін) | | 11.1 В чем причина Вашего недоверия прокуратуре? (возможно несколько вариантов ответа) |
| бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін | 1 | никогда не сталкивался с данной структурой |
| әуре-сарсаңға салу, формализм және бюрократия | 2 | волокита, формализм и бюрократия |
| қызметі халықты қорғауға емес көбінесе жазалау шараларымен байланысты | 3 | деятельность чаще связана с мерами наказания, чем с защитой прав граждан |
| Мемлекеттік органның жабықтығы | 4 | закрытость государственного органа |
| мен қорқамын, араласпаған дұрыс | 5 | отношусь с опасением, лучше не связываться |
| оларды сыбайлас деп санаймын | 6 | считаю, что они коррумпированы |
| бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) мәліметтері | 7 | сведения средств массовой информации (СМИ) |
| азматтарды емес, мемлекеттік органдарды қорғайды | 8 | защищают государственные органы, а не граждан |
| бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады | 9 | ранее сталкивались и не получили положительного результата |
| өзге (көрсету) ________________________ | 10 | иное (указать) ________________________ |
| 12. Сіз полицияға сенесіз бе? | | 12. Доверяете ли Вы полиции? |
| сенемін | | доверяю |

| | | |
|---|---|---|
| → 13-сұрақ | 1 | → вопрос 13 |
| ішінара сенемін → 13-сұрақ | 2 | частично доверяю → вопрос 13 |
| керісінше сенбеймін | 3 | скорее не доверяю |
| сенбеймін | 4 | не доверяю |
| жауап беруге қиналамын ( сұрамаңыз) → 13-сұрақ | 5 | затрудняюсь ответить (не зачитывать) → вопрос 13 |
| 12.1 Сіздің полицияға сенбеуіңіздің себебі ? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін) | | 12.1 В чем причина Вашего недоверия полиции? (возможно несколько вариантов ответа) |
| бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін | 1 | никогда не сталкивался с данной структурой |
| әуре-сарсаңға салу, формализм және бюрократия | 2 | волокита, формализм и бюрократия |
| қызметі халықты қорғауға емес көбінесе жазалау шараларымен байланысты | 3 | деятельность чаще связана с мерами наказания, чем с защитой прав граждан |
| Мемлекеттік органның жабықтығы | 4 | закрытость государственного органа |
| мен қорқамын, араласпаған дұрыс | 5 | отношусь с опасением, лучше не связываться |
| оларды сыбайлас деп санаймын | 6 | считаю, что они коррумпированы |
| бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ ) мәліметтері | 7 | сведения средств массовой информации (СМИ) |
| азматтарды емес, мемлекеттік органдарды қорғайды | 8 | защищают государственные органы, а не граждан |
| бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады | 9 | ранее сталкивались и не получили положительного результата |
| өзге (көрсету) ______________________ | 10 | иное (указать) ________________________ |

| | | |
|---|---|---|
| 13. Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне сенесіз бе ? | | 13. Доверяете ли Вы антикоррупционной службе? |
| сенемін → 14-сұрақ | 1 | доверяю → вопрос 14 |
| ішінара сенемін → 14-сұрақ | 2 | частично доверяю → вопрос 14 |
| керісінше сенбеймін | 3 | скорее не доверяю |
| сенбеймін | 4 | не доверяю |
| жауап беруге қиналамын ( сұрамаңыз) → 14-сұрақ | 5 | затрудняюсь ответить (не зачитывать) → вопрос 14 |
| 13.1 Сіздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметіне сенбеуіңіздің себебі ? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін) | | 13.1 В чем причина Вашего недоверия антикоррупционной службе? ( возможно несколько вариантов ответа) |
| бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін | 1 | никогда не сталкивался с данной структурой |
| әуре-сарсаңға салу, формализм және бюрократия | 2 | волокита, формализм и бюрократия |
| қызметі халықты қорғауға емес көбінесе жазалау шараларымен байланысты | 3 | деятельность чаще связана с мерами наказания, чем с защитой прав граждан |
| Мемлекеттік органның жабықтығы | 4 | закрытость государственного органа |
| мен қорқамын, араласпаған дұрыс | 5 | отношусь с опасением, лучше не связываться |
| оларды сыбайлас деп санаймын | 6 | считаю, что они коррумпированы |
| бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ ) мәліметтері | 7 | сведения средств массовой информации (СМИ) |
| азматтарды емес, мемлекеттік органдарды қорғайды | 8 | защищают государственные органы, а не граждан |

| | | |
|---|---|---|
| бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады | 9 | ранее сталкивались и не получили положительного результата |
| өзге (көрсету) ________________________ _ | 10 | иное (указать) ________________________ |
| 14. Сіз өртке қарсы қызметіне сенесіз бе ? | | 14. Доверяете ли Вы противопожарной службе? |
| сенемін → 15-сұрақ | 1 | доверяю → вопрос 15 |
| ішінара сенемін → 15-сұрақ | 2 | частично доверяю → вопрос 15 |
| керісінше сенбеймін | 3 | скорее не доверяю |
| сенбеймін | 4 | не доверяю |
| жауап беруге қиналамын (сұрамаңыз) → 15-сұрақ | 5 | затрудняюсь ответить (не зачитывать) → вопрос 15 |
| 14.1 Сіздің өртке қарсы қызметіне сенбеуіңіздің себебі ? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін) | | 14.1 В чем причина Вашего недоверия противопожарной службе? ( возможно несколько вариантов ответа) |
| бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін | 1 | никогда не сталкивался с данной структурой |
| әуре-сарсаңға салу, формализм және бюрократия | 2 | волокита, формализм и бюрократия |
| қызметі халықты қорғауға емес көбінесе жазалау шараларымен байланысты | 3 | деятельность чаще связана с мерами наказания, чем с защитой прав граждан |
| Мемлекеттік органның жабықтығы | 4 | закрытость государственного органа |
| мен қорқамын, араласпаған дұрыс | 5 | отношусь с опасением, лучше не связываться |
| оларды сыбайлас деп санаймын | 6 | считаю, что они коррумпированы |
| бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ ) мәліметтері | 7 | сведения средств массовой информации (СМИ) |

| | | |
|---|---|---|
| азаматтарды емес, мемлекеттік органдарды қорғайды | 8 | защищают государственные органы, а не граждан |
| бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады | 9 | ранее сталкивались и не получили положительного результата |
| өзге (көрсету) _____ _________________ _ | 10 | иное (указать) _______________________ |
| 15. Сіз экономикалық тергеу қызметіне сенесіз бе? | | 15. Доверяете ли Вы службе экономических расследований? |
| сенемін → 16-сұрақ | 1 | доверяю → вопрос 16 |
| ішінара сенемін → 16-сұрақ | 2 | частично доверяю → вопрос 16 |
| керісінше сенбеймін | 3 | скорее не доверяю |
| сенбеймін | 4 | не доверяю |
| жауап беруге қиналамын ( сұрамаңыз) → 16-сұрақ | 5 | затрудняюсь ответить (не зачитывать) → вопрос 16 |
| 15.1 Сіздің экономикалық тергеу қызметіне сенбеуіңіздің себебі ? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін) | | 15.1 В чем причина Вашего недоверия службе экономических расследований? (возможно несколько вариантов ответа) |
| бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін | 1 | никогда не сталкивался с данной структурой |
| әуре-сарсаңға салу, формализм және бюрократия | 2 | волокита, формализм и бюрократия |
| қызметі халықты қорғауға емес көбінесе жазалау шараларымен байланысты | 3 | деятельность чаще связана с мерами наказания, чем с защитой прав граждан |
| Мемлекеттік органның жабықтығы | 4 | закрытость государственного органа |
| мен қорқамын, араласпаған дұрыс | 5 | отношусь с опасением, лучше не связываться |

| | | |
|---|---|---|
| оларды сыбайлас деп санаймын | 6 | считаю, что они коррумпированы |
| бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ ) мәліметтері | 7 | сведения средств массовой информации (СМИ) |
| азматтарды емес, мемлекеттік органдарды қорғайды | 8 | защищают государственные органы, а не граждан |
| бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады | 9 | ранее сталкивались и не получили положительного результата |
| өзге (көрсету) ______________________ _ | 10 | иное (указать) _______________________ |
| 16. Сіз сот жүйесінің органдарына сенесіз бе? | | 16. Доверяете ли Вы органам судебной системы? |
| сенемін → 17-сұрақ | 1 | доверяю → вопрос 17 |
| ішінара сенемін → 17-сұрақ | 2 | частично доверяю → вопрос 17 |
| керісінше сенбеймін | 3 | скорее не доверяю |
| сенбеймін | 4 | не доверяю |
| жауап беруге қиналамын ( сұрамаңыз) → 17-сұрақ | 5 | затрудняюсь ответить (не зачитывать) → вопрос 17 |
| 16.1 Сіздің сот жүйесінің органдарына сенбеуіңіздің себебі ? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін) | | 16.1 В чем причина Вашего недоверия органам судебной системы? ( возможно несколько вариантов ответа) |
| бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін | 1 | никогда не сталкивался с данной структурой |
| судьялардың кәсібилік деңгейі төмен | 2 | низкий уровень профессионализма судей |
| бірыңғай сот тәжірибесі жоқ | 3 | нет единообразной судебной практики |
| судьялар атқарушы билік пен құқық | 4 | |

| | | |
|---|---|---|
| қорғау органдарына тәуелді | | судьи зависимы от исполнительной власти и правоохранительных органов |
| бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады | 5 | ранее сталкивались и не получили положительного результата |
| қорқыныш сезінемін | 6 | испытываю страх |
| оларды сыбайлас деп санаймын | 7 | считаю, что они коррумпированы |
| бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ ) мәліметтер | 8 | сведения средств массовой информации (СМИ) |
| өзге | 9 | иное |
| 17. Жоғарыда аталған мемлекеттік органдардың қызметі алдағы 12 айда жақсы жаққа өзгереді деп күтесіз бе? | | 17. Ожидаете ли Вы, что деятельность перечисленных выше государственных органов изменится в лучшую сторону в ближайшие 12 месяцев? |
| ия, жақсы жаққа өзгеріс күтемін | 1 | да ожидаю изменения в лучшую сторону |
| осы деңгейде қалады | 2 | останется на том же уровне |
| жоқ, ешқандай өзгеріс күтпеймін | 3 | нет, никаких изменений не ожидаю |
| жауап беруге қиналамын | 4 | затрудняюсь ответить |

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫҢЫЗ ҮШІН АЛҒЫС АЙТАМЫЗ! БЛАГОДАРИМ ЗА СОТРУДНИЧЕСТВО!**

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросының басшысы
2022 жылғы 3 қазандағы
№ 32 бұйрығына
2 қосымша

Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау
және реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика
бюросы басшысының
2021 жылғы 15 ақпандағы
№ 6 бұйрығына
2-қосымша

**"Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына екі рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы Нұсқаулық "Халықтың құқық қорғау органдарына және сот жүйесіне сенімділік деңгейі" жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (индексі УДН, кезеңділігі жылына екі рет) (бұдан әрі – статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган;

2) қылмыс – Қазақстан Республикасы Қылмыстық заңнамасында айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

3) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу.

3. Статистикалық нысанды интервьюер үй шаруашылығының 15-80 жастағы бір мүшесіне толтырады.

Үй шаруашылығында статистикалық нысанның талаптарына сәйкес келетін біреуден көп респондент тұрып жатқанда сауал салу үшін респонденті іріктеу "ең жақын туған күн" әдісімен жүзеге асырылады (туған күні ең жақын кезеңде болатын үй шарушылығының мүшесі таңдалады).

Жалпымемлекеттік статистикалық байқау жылына екі рет өткізіледі. Статистикалық нысанды сауал салуды жүргізуге уәкілетті адам (бұдан әрі – интервьюер) толтырады.

4. Титулдық парақтың 1-тармағында қаланың, ауданның (қаланың) және елді мекеннің (округтің) атауы көрсетіледі.

2-тармақтан 5-тармаққа дейін супервайзерлер (интервьюерлердің жұмысын бақылауды жүзеге асыратын аумақтық бөлімшенің лауазымды адамы) интервьюерлерге ұсынған, зерттелетін респонденттердің тізімдерінде көрсетілген деректемелерге сәйкес толтырылады, 6-тармақта сұхбатты өткізу күні көрсетіледі.

5. Интервьюер сұрақтарды және респондентке арналған жауаптардың нұсқаларын оқиды. Респондент жауапты таңдағаннан кейін интервьюер жауаптың тиісті нұсқасына белгі қояды. Респондент жауабы нұсқасының коды дөңгелектеліп қоршалады.

6. "Респонденттер туралы мәліметтер" 1-бөлімінде респонденттердің жынысы, жасы (сауал салу кезіндегі толық жасы), неке жағдайы, білім деңгейі, жұмыспен қамтылу мәртебесі туралы мәліметтер толтырылады.

7. 1-бөлімнің "Респонденттер туралы мәліметтер" 4-сұрағында респонденттің білімінің болуы белгіленеді. Сұрақ оқуды бітірген респонденттерге, сондай-ақ қазіргі уақытта оқып жатқан оқушылар мен студенттерге де қойылады.

1-жолда академиялық немесе ғылыми дәрежесі бар (магистр, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы) респонденттер белгіленеді.

2-жолда жоғары білім беру ұйымдарын бітірген респонденттер белгіленеді.

3-жол бойынша жоғары білім беру ұйымдарында оқып жатқан немесе оқыған және оқу мерзімінің жартысын немесе жартысынан артық мерзімі өткен респонденттерге белгіленеді. Жоғары білім беру ұйымдарда оқу мерзімінің жартысынан аз уақыт оқыған респонденттер түскенге дейінгі білім деңгейін ("техникалық және кәсіптік білім", " жалпы орта білім") белгілейді.

4-жолда кәсіптік лицейді (кәсіптік техникалық мектепті), училищені, колледжді ( техникумді) бітірген респонденттер белгіленеді.

5-жолда жалпы білім беретін мектептің 11 сыныбын бітірген респонденттер белгіленеді (қазіргі уақытта училище немесе колледжде (9-сыныптан кейін), жоғары оқу орнында оқиды).

6-жолда жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбын бітірген респонденттер белгіленеді (қазіргі уақытта 10 және 11-сыныптарда немесе училище, колледжде оқиды ; 1992 жылы және одан бұрын толық емес орта мектепті (жеті жылдық (сегіз немесе тоғыз жылдық) мектепті бітіргендер).

7-жолда бастауыш мектепті бітірген респонденттер белгіленеді (қазіргі уақытта 5, 6, 7, 8 және 9-сыныптарда оқиды; 1972 жылы және одан бұрын 4 сыныпты бітірген немесе үшжылдық бастауыш мектептің 3 сыныбын бітірген).

8-жолда ешқандай білім деңгейіне қол жеткізбеген респонденттер белгіленеді.

8. "Өз қауіпсіздігін қабылдау және сенімділік дәрежесі" 2-бөлімінде респонденттерге өзінің тұратын ауданда қауіпсіздігін қабылдауы мен құқық қорғау органдарына және сот жүйесі органдарына сенімділік дәрежесін сипаттайтын бірқатар сұрақтар қойылады.

9. Сұхбат аяқталғаннан кейін статистикалық нысан енгізілген мәліметтердің толықтығы мәніне тексеріледі. Қалып қойған сұрақтар немесе жауаптарда түсініксіз жазбалар анықталған жағдайда үй шаруашылығына қайта бару жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК